



БҰЙРЫҚ

25.07.2022 № 30

Бейнеу ауылы

ПРИКАЗ

село Бейнеу

**Білім беру ұйымдарының басшыларын
ауыстыру тәртібімен тағайындау туралы**

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 38-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 6-бабы 3-тармағының 27-1) тармақшасына, ҚР Үкіметінің 04.12.2014 жылғы №540 қаулысымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған қассалық қызмет көрсету» ережесіне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 11 қарашадағы № 559 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 14-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ротациялаудан өткен келесі тұлғалар ауыстыру тәртібімен 2022 жылдың 25 шілдесінен бастап 5 жылға тағайындалсын:

Базарбаева Светлана Камысбаевна Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Атамекен» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директоры лауазымынан босатылып, Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Үстірт» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директоры лауазымына;

Асанова Ментай Сағатовна Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Үстірт» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директоры лауазымынан босатылып, Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Атамекен» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директоры лауазымына тағайындалсын.

2. Аталған тұлғаларға жаңадан тағайындалған мекемелердің қаржы құжаттарына бірінші қол қою құқығы берілсін.

Негіздеме: «Маңғыстау облысының білім басқармасы» ММ жанындағы мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу мәселелерін қарау жөніндегі комиссия отырысының №2 хаттамасы.

Бөлім басшысы



Ш.Джаулыев



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

25. 12. 2023
Бейнеу ауылы

№ 188 п/у
село Бейнеу

Міндетін уақытша жүктеу туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексінің 111-бабы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Атамекен» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директорының лауазымына конкурс өткізіліп қорытындысы шыққанға дейін директорының міндетін уақытша атқару Асанова Ментай Сағатовнаға 2023 жылдың 25 желтоқсанныан бастап жүктелсін.

2. Оған аталған мекеменің барлық құжаттарына бірінші қол қою құқығы берілсін.

Негіздеме: М.Асанованың келісімі.

Бөлім басшысы

Ш.Джаулыев

Бұйрықпен таныстым:

2023 жыл



Ш.Джаулыев

000885



БҰЙРЫҚ

27 . 12 . 2024

Бейнеу ауылы

ПРИКАЗ

№ 229/мг

село Бейнеу

Тағайындау туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексінің 34-бабына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығының 2-тарау 4-параграф 78-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Асанова Ментай Сагатовна 2024 жылдың 27 желтоқсанынан бастап Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Атамекен» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директор лауазымына тағайындалсын және ол аталған мекеменің директорының міндетін уақытша атқару лауазымынан босатылсын.

2. Оған аталған мекеменің барлық құжаттарына бірінші қол қою құқығы берілсін.

Негіздеме: Маңғыстау облысының білім басқармасының конкурстық комиссияның 18.12.2024 жылғы №7 хаттамасы.

Бөлім басшысы

Ш.Джаулыев

Бұйрықпен таныстым:
«27» 12 2024 жыл